

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Автоматика және ақпараттық технологиялар институты

Электроника, телекоммуникация және ғарыштық технологиялар кафедрасы

Амангелді Аружан Ескендірқызы

«Талшықты-оптикалық датчиктерді геотехникалық құрылыстарды бақылау
жүйелерінде қолдану»

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

6B06201 – Телекоммуникация білім беру бағдарламасы

Алматы 2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Автоматика және ақпараттық технологиялар институты

Электроника, телекоммуникация және ғарыштық технологиялар кафедрасы

АУҒА ЖІБЕРІЛДІ
ЭТжҒТ кафедра меңгерушісі
Т.Ғ.К
Е.Таштай
« 28 » 05 2025 ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы «Талшықты-оптикалық датчиктерді геотехникалық құрылыстарды
бақылау жүйелерінде колдану»

6B06201 – Телекоммуникация

Орындаған:

Пікір беруші
PhD, зерттеуші профессор
Халықаралық ақпараттық технологиялар
университеті

Б. С. Омаров

« 28 » 05 2025 ж.

А.Е. Амангелді

А.Е. Амангелді

Ғылыми жетекші
PhD докторы,
профессор

Н.К. Смайлов

« 28 » 05 2025 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

Қ.И Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Автоматика және ақпараттық технологиялар институты

Электроника, телекоммуникация және ғарыш технологиялар кафедрасы

6B06201 – Телекоммуникация



Дипломдық жұмыс орындауға
ТАПСЫРМА

Білім алушы: Амангелді Аружан Ескендірқызы

Тақырыбы: «Талшықты-оптикалық датчиктерді геотехникалық құрылыстарды бақылау жүйелерінде қолдану»».

Университет ректорының «29» 01 2025ж. № 26 бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жобаны тапсыру мерізімі 30 » 04 .2025ж.

Жұмыстың бастапқы мәліметтері: 1. ГОСТ Р ISO 11551-2015 Оптика және оптикалық құрылғылар. Лазерлер және лазерлік қондырғылар (жүйелер). Оптикалық элементтермен лазерлік сәулеленудің жұтылу коэффициентін өлшеу әдістемесі. 2. Оптикалық аспаптарға арналған телескопиялық жүйелер. Ажыратымдылық шегін анықтаудың көрнекі әдісі ГОСТ 15114-78. 3. ГОСТ Р ISO 13694-2010 мәтіні Оптика және оптикалық құрылғылар. Лазерлер және лазерлік қондырғылар (жүйелер). Лазер сәулесінің қуаттылық (энергия) тығыздығының таралуын өлшеу әдістері

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

- а) Геотехникалық бақылау жүйелерін талдау, талшықты-оптикалық датчиктердің техникалық сипаттамаларын зерттеу
- ә) Талшықты-оптикалық датчиктердің түрлері және олардың сипаттамаларын зерттеу
- б) Талшықты-оптикалық датчиктерді практикада қолдану
- в) Талшықты-оптикалық датчиктерді зерттеу және оларды MatLab бағдарламасында математикалық модель көрсету

Сызбалық материалдар 15 слайдпен ppt форматында көрсетілген.

Ұсынылатын негізгі әдебиет:

- Free Space Optical Communication (System Design, Modeling, Characterization and Dealing with Turbulence). cover:10.1515 / 97, year: 2015
- (<https://ieeexplore.ieee.org/>): "Optical communication network analysis and optimization". Analysis and Optimization of the Network Throughput in IEEE 802.15.13 based Visible Light Communication Networks (978-1-6654-0308-5/21 ©2021 IEEE)
- <https://ieeexplore.ieee.org/document/8638446>. Optical Network Performance Analysis through Prediction of Q Factor on Simulated and Validated Dataset, 978-1-5386-7813-8/18/\$31.00 ©2018 IEEE.
- Optimization Technology of Optical Fiber Communication Network Based on Service Classification. Journal of Physics: Conference Series, MSOTA 2020. doi:10.1088/1742-6596/1746/1/012085.
- Applied Mathematical Modelling 35(2011)3345–3354. Optimization of passive optical network planning. Topology optimization for hybrid optical/wireless access networks.
- Z. Dong, F. N. Khan, Q. Sui, K. Zhong, C. Lu and A. P. T. Lau, "Optical Performance Monitoring: A Review of Current and Future Technologies," in Journal of Lightwave Technology, vol. 34, no. 2, pp. 525-543, 15 Jan.15, 2016 is available at <https://doi.org/10.1109/JLT.2015.2480798>.

Дипломдық жұмысты дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшіге және кеңесшілерге көрсету мерізімі	Ескерту
Геотехникалық бақылау жүйелерін талдау, талшықты-оптикалық датчиктердің техникалық сипаттамаларын зерттеу	07.02.2025	орындалды
Талшықты-оптикалық датчиктердің түрлері және олардың сипаттамаларын зерттеу	24.03.2025	орындалды
Талшықты-оптикалық датчиктерді практикада қолдану	20.04.2025	орындалды
Талшықты-оптикалық датчиктерді зерттеу және оларды MatLab бағдарламасында математикалық модель көрсету	26.04.2025	орындалды.

Дипломдық жұмыс бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жұмысқа қойған
Қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер (аты, әкесінің аты, тегі, ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Диплом жұмысының тақырыбын талдау	Н.К.Смайлов PhD доктор, профессор	13.03.2025	Н.К.Смайлов
Теориялық ақпарат	Н.К.Смайлов PhD доктор, профессор	20.04.2025	Н.К.Смайлов
Норма бақылау	PhD доктор, аға оқытушы Досбаев.Ж.М	19.01.2025	Досбаев.Ж.М

Ғылыми жетекшісі профессор Н.К.Смайлов Н.К. Смайлов

Тапсырманы орындауға алған білім алушы А.Е. Амангелді А.Е. Амангелді
Күні «02» 02 2025 ж.

АНДАТПА

Дипломдық жұмыста телекоммуникациялық инфрақұрылымдарда талшықты-оптикалық датчиктерді қолдану мүмкіндіктері қарастырылады. Зерттеу барысында талшықты оптикалық датчиктың жұмыс істеу принциптері, құрылымдық түрлері және оларды байланыс желілерін нақты уақыт режимінде бақылау үшін қолданудың тиімділігі сарапталады. Жобада оптикалық сенсорлар арқылы қысым, діріл, температура сынды параметрлерді тіркеу арқылы апаттардың алдын алу, техникалық ақауларды жедел анықтау және жүйе сенімділігін арттыру жолдары ұсынылады. Сонымен қатар, талшықты оптикалық датчик енгізудің техникалық сызбасы мен алгоритмі жасалып, жүйенің экономикалық және эксплуатациялық тиімділігі дәлелденеді. Ұсынылған шешімдер телекоммуникация саласында қауіпсіз, тиімді және заманауи мониторинг жүйесін қалыптастыруға бағытталған.

АННОТАЦИЯ

В данной дипломной работе рассматриваются возможности применения волоконно-оптических датчиков в телекоммуникационной инфраструктуре. В ходе исследования проанализированы принципы их работы, конструктивные типы, а также эффективность использования таких датчиков для мониторинга состояния сетей связи в режиме реального времени. В проекте предлагаются решения по регистрации параметров, таких как давление, вибрация и температура с помощью оптических сенсоров, что позволяет своевременно выявлять технические неисправности, предотвращать аварийные ситуации и повышать надёжность системы. Кроме того, разработана техническая схема внедрения датчиков и алгоритм их функционирования, обоснована экономическая и эксплуатационная эффективность предложенной системы. Представленные в работе решения направлены на формирование безопасной, эффективной и современной системы мониторинга в сфере телекоммуникаций.

ABSTRACT

This diploma thesis explores the potential application of fiber-optic sensors in telecommunication infrastructure. The study analyzes the principles of operation, structural types, and the effectiveness of using such sensors for real-time monitoring of communication networks. The project proposes solutions for detecting parameters such as pressure, vibration, and temperature using optical sensors, which enables timely identification of technical faults, prevention of emergencies, and enhancement of system reliability. In addition, a technical implementation scheme and operational algorithm for these sensors have been developed, and the economic and operational efficiency of the proposed system is justified.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	8
1 Талшықты-оптикалық датчиктердің теориялық негіздері	10
1.1 Талшықты-оптикалық датчиктердің құрылымы және жұмыс принципі	10
1.2 Талшықты-оптикалық датчиктердің түрлері және олардың сипаттамалары	16
1.3 Геотехникалық бақылау жүйелерінде қолданылатын датчиктердің ерекшеліктері	20
2 Геотехникалық құрылымдардағы деформациялар мен кернеулерді өлшеуде талшықты-оптикалық датчиктерді қолдану	24
2.1 Геотехникалық нысандардағы кернеу, температура және деформация өлшеу әдістері	24
2.2 Талшықты-оптикалық датчиктердің геотехникалық құрылымдардағы жұмыс принципі	28
2.3 Талшықты-оптикалық датчиктерін қолданудың артықшылықтары мен шектеулері	31
3 Талшықты-оптикалық датчиктерді практикада қолдану	34
3.1 Геотехникалық құрылымдарға талшықты-оптикалық датчиктерді орнату әдістемесі	34
3.2 Датчиктерді модельдік зерттеу және олардың тиімділігін бағалау	35
Қорытынды	42
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	44

КІРІСПЕ

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жедел дамуы мен цифрлық экономиканың барлық салаларға енуі телекоммуникация саласына деген сұранысты күрт арттырды. Атап айтқанда, мемлекеттік мекемелерден бастап, ірі корпорациялар мен шағын бизнеске дейін, әртүрлі деңгейдегі ұйымдар үшін телекоммуникациялық желілер - мәлімет алмасудың, байланыс орнатудың және ақпаратты қауіпсіз тасымалдаудың басты арнасы болып отыр. Мұндай жағдайда желілердің үздіксіз жұмыс істеуі, олардың техникалық жағдайының сенімділігі, ақауларды жедел анықтау мен алдын алу шаралары бірінші орынға шығады.

Осы орайда телекоммуникациялық жүйелерді нақты уақыт режимінде бақылауға мүмкіндік беретін заманауи, интеллектуалды технологиялардың маңызы артуда. Бұл бағытта ерекше назарға іліккен құралдардың бірі – талшықты-оптикалық датчиктер. Талшықты-оптикалық технологиялар бастапқыда тек мәлімет тасымалдау үшін қолданылса, бүгінде оларды бақылау, мониторинг жүргізу және қауіпсіздік мақсатында пайдалану жағы да кеңейіп келеді. Бұл датчиктер ақпаратты тек қана жылдам және сенімді түрде жеткізіп қоймай, сонымен қатар байланыс желілерінің бойында болып жатқан физикалық өзгерістерді мысалы, температура ауытқуы, қысым, діріл, майысу, кернеу дәл анықтап, автоматты түрде сигнал бере алады.

Талшықты-оптикалық датчиктер - бұл талшық арқылы өтетін жарық толқындарының қасиеттерін тіркеу арқылы әртүрлі сыртқы әсерлерді сезетін және тіркейтін интеллектуалды құрылғылар. Олардың жоғары сезімталдығы, үлкен қашықтықта бақылау жүргізу мүмкіндігі және электромагниттік әсерлерге төзімділігі оларды басқа дәстүрлі сенсорлардан ерекшелендіреді. Сонымен қатар, олар күрделі инфрақұрылымдарда - туннельдерде, жер асты байланыс желілерінде, магистральдық оптикалық желілерде, сонымен қатар теңіз түбіндегі байланыс жүйелерінде кеңінен қолданылады.

Қазақстанның телекоммуникация саласы соңғы жылдары айтарлықтай дамып келеді. Ел аумағында оптикалық талшықтар арқылы байланыс желілері тартылып, шалғай елді мекендерге де интернет пен цифрлық қызметтер қолжетімді бола бастады. Бұл үдеріс өзімен бірге жаңа технологияларды ендіру қажеттілігін туындатады. Дәстүрлі түрде қолданыста болған кабельдерді тексеру әдістері енді жеткіліксіз болып барады, себебі олар уақыт пен ресурсты көп талап етеді әрі нақты диагностика бермейді. Осы мәселелерді тиімді шешудің жолы ретінде талшықты-оптикалық датчиктерді енгізу ұсынылады.

Дипломдық жұмыстың басты мақсаты - талшықты-оптикалық датчиктердің телекоммуникациялық инфрақұрылымдардағы жұмысын терең зерттеу, оларды қолданудың тиімділігін дәлелдеу және нақты техникалық шешімдер ұсыну. Бұл мақсатқа жету барысында датчиктердің теориялық негіздері, техникалық сипаттамалары мен жұмыс істеу принциптері егжей-тегжейлі талданады. Сонымен қатар, телекоммуникациялық желілерге ТОД енгізудің құрылымдық моделі жасалып, олардың көмегімен қандай

параметрлерді қадағалауға болатыны нақты көрсетіледі.

Осы мақсатты жүзеге асыру үшін келесі міндеттер қойылады:

- Талшықты-оптикалық датчиктердің физикалық негізін, яғни жарық толқындарының интерференциясы мен сынуы сияқты құбылыстарды зерттеу;
- ТОД-тың құрылымдық түрлерін – нүктелік және таралған датчиктерді салыстыра отырып, олардың артықшылықтары мен қолдану салаларын сипаттау; Телекоммуникациялық инфрақұрылымның қазіргі жағдайына талдау жасап, оның әлсіз тұстарын анықтау;
- датчиктерді нақты желілік құрылымға енгізудің техникалық сызбасын әзірлеу; Алынған мәліметтерді өңдеудің алгоритмдерін құру, яғни қандай жағдайлар жүйеде ақау екенін автоматты түрде анықтап, хабар беретіндей ету;
- жүйенің техникалық және экономикалық жағынан қаншалықты тиімді екенін есептеп, салыстырмалы анализ жасау.

Аталған дипломдық жұмыстың маңыздылығы - ол телекоммуникация саласындағы қауіпсіздік, тиімділік және үнемділік мәселелерін кешенді түрде шешуге бағытталған. Зерттеу нәтижесінде алынған ұсыныстар мен жобалық шешімдер байланыс операторлары, инженерлер, техникалық қызмет көрсету мамандары үшін әдістемелік құрал қызметін атқара алады. Сонымен қатар, бұл жұмыс болашақ ғылыми ізденістерге, яғни "ақылды желілер", деректерді автоматты өңдеу, жасанды интеллект арқылы бақылау жүйелерін енгізу сияқты бағыттарға негіз бола алады.

Осы дипломдық жобадан күтілетін негізгі нәтижелердің бірі - талшықты-оптикалық датчиктерді телекоммуникациялық желілерге тиімді ендірудің нақты үлгісін жасау, оның техникалық сипаттамаларын көрсету және қолданудың артықшылықтарын дәлелдеу болып табылады. Нәтижесінде, желілік мониторинг жүйесінің жұмысын жаңғыртуға, техникалық ақауларды дер кезінде анықтап, үлкен апаттардың алдын алуға жол ашылады. Сонымен қатар, ұсынылған жүйе телекоммуникация операторлары үшін экономикалық жағынан тиімді болмақ, себебі ол қызмет көрсету шығындарын қысқартып, желінің жұмысын үнемі бақылауда ұстауға мүмкіндік береді.

1 Талшықты-оптикалық датчиктердің теориялық негіздері

1.1 Талшықты-оптикалық датчиктердің құрылымы және жұмыс принципі

Алғашында телекоммуникация саласында кеңінен қолданылған оптикалық талшықтар, өздерінің физикалық сипаттамаларының арқасында, кейіннен лазерлік жүйелер мен сенсорлық технологиялар секілді салаларда да үлкен қызығушылық тудырды. Оптикалық талшықтардың шағын өлшемі диаметрі шамамен 125 мкм, электромагниттік әсерлерге төзімділігі, инерттілігі және қатал ортада жұмыс істеу қабілеті оларды сенсорлық технологияларда қолдануға аса тиімді құралға айналдырды.

Бүгінде талшықты-оптикалық сенсорлар температура, деформация, қысым, химиялық концентрация секілді физикалық параметрлерді талшықтың бүкіл ұзындығы бойынша бөлінген түрде өлшей алады. Мұндай сенсорлардың өлшеу ұзындығы бірнеше сантиметрден бірнеше ондаған километрге дейін жетіп, кеңістіктік ажыратымдылығы миллиметр деңгейінде бола алады.

Тағы бір маңызды артықшылығы – бір ғана талшық бойымен мыңдаған сезімтал нүктелер орнатуға мүмкіндік беруі. Бұл әсіресе шашырау құбылыстарына негізделген таралған сенсорлар арқылы жүзеге асады мысалы, 1 000 000-нан астам өлшеу нүктесі. Сонымен қатар, Fiber Bragg Grating (FBG) технологиясы көмегімен мыңдаған нүктелерді мультиплексирлеуге болады.

Дегенмен, бұл сенсорлық жүйелердің негізгі шектеулерінің бірі - өлшеу нәтижелерін тіркеуге арналған интеррогатор жабдықтарының салыстырмалы түрде жоғары құны. Алайда көптеген өлшеу нүктелері қажет болатын жағдайларда бұл технология экономикалық жағынан тиімді бола алады [1].

Қазіргі қоғамда ақпараттың маңызы мен оны басқару қабілеті өркениеттің даму деңгейін айқындайтын басты факторлардың біріне айналды.

Талшықты-оптикалық датчиктер қазіргі заманғы ғылым мен техниканың түрлі салаларында кеңінен қолданылып жатқан озық технологиялардың бірі болып табылады. Бұл технологияның даму тарихы XX ғасырдың бірінші жартысында, яғни икемді эндоскоптардың жасалуымен тығыз байланысты. Сол кезде медицина саласында адам ағзасының ішкі құрылымын инвазивті емес әдіспен зерттеуге мүмкіндік тудырған алғашқы оптикалық жүйелер пайда болып, бүкіл медициналық диагностиканың дамуына елеулі серпін берген болатын. Бұл жаңалық денсаулық сақтау саласында төңкеріс жасап, қазіргі күнге дейін өзінің өзектілігін жоғалтқан емес. Бұл кезеңде оптикалық талшықтар телекоммуникация саласында - әсіресе алыс қашықтықтағы жоғары жылдамдықты байланыс жүйелерін орнату мақсатында кеңінен қолданыла бастады. Сол уақыттан бері бұл технология өз дамуының қарқынды және экспоненциалды өсу кезеңіне өтті. Оптикалық-талшықты датчиктердің сезімталдық негізінде жасалған қолданбалары осы байланыс технологиясының бір тармағы ретінде пайда болды. Олар көбінесе оптоэлектрондық компоненттер мен олардың жаңа буындағы модульдерінің дамуының нәтижесінде жүзеге аса

бастады.

Талшықты-оптикалық байланыс жүйелері тек қана ақпарат алмасу жылдамдығы мен сапасын арттырып қоймай, сонымен қатар телекоммуникация саласына мүлдем жаңа мүмкіндіктер сыйлады. Бұл жүйелердің көмегімен мәліметті ұзақ қашықтыққа жоғалтусыз жеткізу мүмкіндігі туды, ал өткізу қабілетінің құны жылдан-жылға төмендеп, бұл технологияны қолжетімді етті. Компоненттердің өндірістік бағасының арзандауы мен сапалық сипаттамаларының жақсаруы арқасында, талшықты-оптикалық сенсорлардың дәстүрлі электрлік датчиктерді алмастыру қабілеті күн өткен сайын артып келеді [2].

Бұл технологияның артықшылықтары өте көп және айқын. Солардың ішіндегі ең маңыздысы - электромагниттік кедергілерге абсолютті төзімділік. Бұл қасиет әсіресе өнеркәсіптік, теміржол, авиациялық және әскери салаларда аса маңызды. Сонымен қатар, олар өте жеңіл, ықшамды, шағын көлемді, сезімталдығы жоғары, экстремалды температуралық жағдайларға төтеп бере алады, химиялық әсерлер мен коррозияға ұшырамайды. Мұнымен қоса, оптикалық талшықтар арқылы берілетін ақпарат көлемі өте үлкен, яғни олар үлкен өткізу қабілеттілігіне ие.


FOS Fiber Optic Sensors технологиясы туралы көптеген ғылыми шолу мақалалар жарық көрді, олардың қатарында азаматтық құрылыс, көпірлер, бөгеттер, құбырлар және геотехникалық құрылымдардағы қолданыстар ерекше атап өтіледі. Мысалы, кейбір зерттеулерде тек көпірлерге бағытталған қолданбалар қарастырылса, қазіргі таңда бұл технология зертханалық эксперименттерде, динамикалық жүктемелерді зерттеуде, нақты уақыттағы бақылау жүйелерінде белсенді түрде қолданылады. Сонымен қатар, мұндай жүйелердің практикалық енгізілуіндегі негізгі мәселелер мен болашағы да ғылыми тұрғыдан зерделенуде.

Талшықты-оптикалық сенсорлар телекоммуникация желілерінде маңызды компонент болып табылады. Бұл сенсорлар оптикалық талшықтар арқылы берілетін ақпараттың сапасын және жылдамдығын жақсартуға мүмкіндік береді. Талшықты-оптикалық жүйелердің ең үлкен артықшылығы - олардың жоғары өткізу қабілеті мен арнайы сигналдарды қабылдау мүмкіндігі. Қазіргі заманғы телекоммуникациялық желілерде бұл сенсорлар интернет қызметтерінің жылдамдығын арттыру және деректерді жоғалтпай жеткізу үшін қолданылады [3].

Талшықты-оптикалық сенсорлар қашықтықтан мониторинг жүйелерін құру үшін өте қолайлы. Мысалы, бұл сенсорлар кабельдік жүйелер мен байланыс құрылғыларын бақылап, олардың жағдайы туралы нақты уақыт режимінде мәліметтер ұсына алады. Талшықты-оптикалық сенсорлар телекоммуникациялық инфрақұрылымның кез келген зақымдануы немесе ақауларын анықтауға мүмкіндік береді, бұл уақытылы жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін өте маңызды.

Талшықты-оптикалық сенсорлар қоршаған ортаға өте сезімтал және сыртқы әсерлерге, әсіресе электромагниттік интерференцияға қарсы


қорғанышты ұсынады. Электрлік сенсорлар сыртқы электрлік шуға әсер етуі мүмкін, бірақ талшықты-оптикалық сенсорлар мұндай шуларға төзімді болып келеді. Бұл олардың телекоммуникациялық жүйелерде пайдалануға өте ыңғайлы болуын қамтамасыз етеді [4].



1.1-сурет – FBG сенсорларының Брэгг толқын ұзындығы мен ығысу арасындағы сызықтық тәуелділігі


Бұл графикте әртүрлі Fiber Bragg Grating (FBG) сенсорларының Брэгг толқын ұзындығының (Average Bragg Wavelength) және механикалық ығысуының (Displacement) арасындағы сызықтық байланысы көрсетілген.

Талданған нәтижелер көрсеткендей, Bragg толқын ұзындығының өзгерісі ығысуға тура пропорционал, яғни құрылымдағы кернеу немесе деформация артуымен сәйкесінше толқын ұзындығы да артады. Бұл құбылыс FBG сенсорларын жоғары дәлдіктегі құрылымдық мониторингке (мысалы, геотехникалық құрылыстарда, көпірлерде, ғимараттарда) тиімді қолдануға мүмкіндік береді [5].



1.2-сурет – FBG және өлшеуіштер арасындағы ығысу салыстыруы


Бұл графикте FBG сезгіш штангасы (көк сызық) мен ығысу өлшегіштерінің (қызғылт сызық) өлшеу нәтижелері салыстырылған. Горизонталь ось - бекітілген шеттен арақашықтық (мм), вертикаль ось - ығысу (мм). Үш түрлі жағдай (Case 1, 2, 3) көрсетілген. Барлық жағдайларда екі әдістің нәтижелері бір-біріне өте жақын, бұл олардың өлшеу дәлдігінің жоғары екенін көрсетеді.



1.3-сурет – FBG және өлшеуіштер арқылы анықталған симметриялы иілу


FBG сезгіш штангасы мен дәстүрлі ығысу өлшегіштерінің көрсеткіштері бір-біріне өте ұқсас, симметриялы қисықтар береді. Ең үлкен ығысу штанганың

ортасында байқалады, ал шеттерде ығысу нөлге жуық. Бұл штанганың симметриялы иілуін сипаттайды.



1.4-сурет – FBG және дәстүрлі әдіспен анықталған салыстырмалы тербеліс

График синус тәрізді тербелісті сипаттайды. Екі әдістің (FBG sensing bar және displacement gauges) өлшем нәтижелері өзара жақсы сәйкестік көрсетеді. Бұл динамикалық немесе тербелмелі жүктеме әсерін көрсететін жағдай.



1.5-сурет – Құрылымдағы деформацияның уақыттық динамикасы

Бұл графикте әртүрлі уақыт аралығында штанга бойымен тіркелген ығысу шамаларының (displacement) өзгерісі көрсетілген. Горизонталь осьте - штанга ұзындығы бойынша арақашықтық (м), ал вертикаль осьте - ығысу мәні (мм) бейнеленген.

Анализ нәтижелеріне сәйкес, барлық жағдайларда штанганың екі шетінде ығысу шамасы нөлге жуық, ал ең үлкен ығысу оның орталық бөлігінде байқалады. Бұл штангаға түсірілген жүктеменің нәтижесінде пайда болатын иілу сипатындағы деформацияны білдіреді.

Қазіргі таңда 5G және болашақтағы 6G телекоммуникациялық жүйелері үшін талшықты-оптикалық сенсорлар үлкен мүмкіндіктер береді. 5G желісінің жұмысы жоғары өткізу қабілетін талап етеді, және талшықты-оптикалық сенсорлар осы сұранысты қанағаттандыру үшін тиімді құрал болып табылады. Бұл сенсорлар жоғары жылдамдықты деректерді беру, кідіріссіз байланыс орнату және көпқабатты байланыс құрылғыларын пайдалану үшін қажетті инфрақұрылымның негізін қалайды.

Талшықты-оптикалық сенсорлар телекоммуникация саласында қауіпсіздік жүйелерін дамыту үшін маңызды рөл атқарады. Олар деректерді шифрлау мен қауіпсіз жеткізуді қамтамасыз ету үшін қолданылуы мүмкін. Сондай-ақ, бұл сенсорлар желілерде ақауларды анықтауға және оларды алдын-ала болжауға көмектеседі, бұл үлкен телекоммуникациялық жүйелердің үздіксіз жұмысын қамтамасыз етеді [6].

Талшықты-оптикалық сенсорлар телекоммуникация жүйелерінде ақпаратты жоғары жылдамдықпен тасымалдау мен тиімді бақылау мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып, осы салада үлкен өзгерістер әкелуде. Бұл технологияны пайдалану телекоммуникациялық инфрақұрылымдардың сенімділігін арттырып, олардың ұзақ мерзімді қызмет етуін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, талшықты-оптикалық сенсорлар 5G және болашақ 6G жүйелерінің дамуына ықпал ететін негізгі компоненттер болып табылады.

Талшықты-оптикалық датчиктердің құрылымы мен жұмыс принципі заманауи бақылау және мониторинг жүйелерінде маңызды орын алады. Бұл датчиктер негізінен үш негізгі компоненттен тұрады: оптикалық талшық, оптикалық көз және оптикалық детектор. Оптикалық талшық - жарықтың таралуын қамтамасыз ететін негізгі элемент болып табылады, ол әдетте әйнектен немесе арнайы оптикалық материалдардан жасалады. Талшықтың ішінде жарықтың жылдамдығы жоғары болғандықтан, ол ұзақ қашықтыққа сигналдарды жібере алады. Талшықты-оптикалық датчиктер негізінен көпмодалы немесе бірмодалы болады, бұл олардың түріне және қолданылатын талшықтың диаметріне байланысты.

Оптикалық көз - бұл датчиктің жарық көзі болып табылады. Әдетте, лазерлер немесе жарық диодтары (LED) пайдаланылады. Бұл көздер жарық импульсін немесе үздіксіз сәулені шығарады, ол оптикалық талшық арқылы беріледі. Құрылғының сенсорлы бөлігіне жарық сәулесінің түсуі және қайта шағылуы, тарқалуы немесе сынуы арқылы ақпарат беріледі. Оптикалық детектор - жарықтың қайтқан немесе өзгерген бөлшектерін қабылдайтын құрылғы. Ол

кабылданған жарық сигналын электрлік сигналға түрлендіреді. Бұл құрылғы сенсордан алынған өзгерістерді нақты уақытта бақылап, нәтижесінде құрылғының жағдайын көрсететін ақпарат береді.

Талшықты-оптикалық датчиктер жұмыс істегенде, жарықтың таралуы мен өзгерісіне негізделеді. Датчиктің жарық көзі талшық арқылы жарық сәулесін жібереді. Егер талшыққа сыртқы күш әсер етсе, мысалы, деформация, қысым немесе температураның өзгеруі, жарықтың таралуы мен сипаттамалары өзгереді. Талшықты-оптикалық сенсор бұл өзгерістерді жарықтың таралуын бақылап анықтайды. Содан кейін өзгерген жарық детекторға жетеді, ол оны электрлік сигналға түрлендіреді. Осы сигнал кейіннен деректер өңдеу жүйесіне жіберіліп, құрылғының нақты күйін бағалауға мүмкіндік береді [7, 8].

Талшықты-оптикалық датчиктердің түрлері негізінен дискретті және таратылған болып бөлінеді. Дискретті сенсорлар тек белгілі бір нүктелерде ақпарат қабылдайды, ал таратылған сенсорлар оптикалық талшық бойымен көптеген сезімтал нүктелерді пайдаланады. Бұл таратылған сенсорлар құрылымның әртүрлі бөліктеріндегі өзгерістерді ертерек анықтауға көмектеседі, бұл олардың артықшылығы болып табылады.

Талшықты-оптикалық датчиктердің көптеген артықшылықтары бар. Олар жоғары сезімталдыққа ие, өте аз өзгерістерді анықтай алады. Сонымен қатар, олар электромагниттік интерференцияға төзімді болып келеді, сондықтан электрлік сенсорлардан қарағанда тиімдірек. Осы датчиктер ұзақ қашықтықтарға деректерді жоғалтпай жеткізе алады. Олар миниатюризацияланған және икемді болып табылады, сондықтан тар кеңістіктерге оңай орналастырыла алады.

Яғни талшықты-оптикалық датчиктер сенсорлық технологияның маңызды және алдыңғы қатарлы түрлерінің бірі болып табылады. Олар жоғары сезімталдықты, тұрақтылықты және сенімділікті қамтамасыз етіп, көптеген салаларда қолданылуы мүмкін, мысалы, құрылыс, телекоммуникация, медицина және басқа индустрияларда.

1.2 Талшықты-оптикалық датчиктердің түрлері және олардың сипаттамалары

Талшықты-оптикалық датчиктер - бұл оптикалық талшықтар арқылы сигналдарды тасымалдау принципіне негізделген сенсорлар. Олар негізінен өте жоғары сезімталдыққа ие, шу мен электромагниттік кедергілерге төзімді, сонымен қатар ұзақ қашықтықтан деректерді тасымалдау мүмкіндігін береді. Геотехникалық бақылаулар үшін талшықты-оптикалық сенсорлар көбінесе деформация, температура, және қысым сияқты параметрлерді бақылау үшін қолданылады.

Қолдану салалары: Құрылыс деформациялары: Талшықты-оптикалық датчиктерді құрылыс құрылымдарының деформациясын бақылау үшін қолдануға болады. Бұл әсіресе көп қабатты ғимараттар немесе тоннельдер сияқты үлкен құрылымдардың тұрақтылығын тексеру кезінде маңызды. Топырақ

қозғалысын бақылау: геотехникалық зерттеулер кезінде топырақтың қозғалысын немесе қоныс аударуын бақылау үшін талшықты-оптикалық датчиктер пайдаланылады. Бұл, әсіресе жер сілкінісі немесе басқа да табиғи апаттар кезінде өте маңызды. Су қысымын өлшеу: Геотехникалық құрылыс жұмыстарында су қысымы мен су деңгейінің өзгерісін бақылау үшін талшықты-оптикалық датчиктер қолданылуы мүмкін. Температура бақылауы: Талшықты-оптикалық датчиктер температураның өзгерістерін бақылау үшін қолданылады, бұл әсіресе құрылыс аймақтарында температураның әсерін бақылау үшін маңызды [9].

Артықшылықтары:

- жоғары сезімталдық: Талшықты-оптикалық сенсорлар өте аз деформацияларды, қысымдарды және температуралық өзгерістерді анықтай алады.
- қашықтықтан деректерді жинау мүмкіндігі: Талшықты-оптикалық датчиктер үлкен аумақтарды қадағалау үшін тиімді, себебі олар ұзақ қашықтықта жұмыс істей алады.
- төмен кедергілер: Электрлік және магниттік шудан қорғалғандықтан, бұл датчиктер сенімді әрі дәл жұмыс істейді.
- төзімділік: Талшықты-оптикалық жүйелер сыртқы ортаға төзімді, ұзақ мерзімді пайдалану үшін оңтайлы.

Қолданылу мысалдары:

- геотехникалық бақылау жүйелері: Мысалы, жер қазу жұмыстары, туннель қазу, немесе көп қабатты ғимараттардың негіздерінде топырақтың деформациясы мен қысымының өзгерісін бақылау.
- көлік инфрақұрылымдары: Теміржолдар, көпірлер және жолдардағы құрылымдардың жағдайын бақылау үшін.
- сейсмикалық мониторинг: Жер сілкінісі немесе жер қозғалыстары кезінде құрылымдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Талшықты-оптикалық датчиктер (ТОД) қазіргі кезде әртүрлі салаларда, оның ішінде геотехникалық бақылауда да кеңінен қолданылады. Олар жоғары дәлдікпен өлшеу және мониторинг жүргізу үшін өте тиімді және сенімді құрал болып табылады. Геотехникалық бақылау саласындағы ТОД қолданудың артықшылықтары мен мүмкіндіктері көп. Талшықты-оптика негізінде жұмыс істейтін жүйелер тек қана құрылымдардың механикалық қасиеттерін бақылауға ғана емес, сонымен қатар әртүрлі табиғи апаттар мен өзгерістерді ерте кезеңде анықтауға да мүмкіндік береді. Бұл, әсіресе, жер сілкіністері, су тасқындары, жер асты қозғалыстары, көшкіндер мен құрылыс жұмыстарының әсерлерін бақылауда маңызды [10, 11].

Талшықты-оптикалық жүйелер - бұл оптикалық талшықты қолдана отырып, ақпаратты ұзақ қашықтыққа тасымалдау және өңдеу технологиясы. Мұндай жүйелер әртүрлі параметрлерді, мысалы, температура, қысым, кернеу және деформацияны өлшеуге қабілетті. Олар жоғары сезімталдыққа ие және өте төмен энергия шығындарымен жұмыс істей алады, сондықтан олар ұзақ мерзімді бақылау үшін өте тиімді.

Талшықты-оптикалық датчиктердің жұмыс принципі негізінен оптикалық

интерферометрия мен жарықтың өзге де қасиеттеріне сүйенеді. Интерферометриялық әдістер талшықты-оптикалық жүйелерде кеңінен қолданылып, оларды өте сезімтал және дәл бақылау жүйелеріне айналдырады. Мысалы, Фабри-Перо, Майкельсон, Брэгг типтегі интерферометрлер белгілі бір физикалық әсерлерді өте жоғары дәлдікпен анықтай алады.

Геотехникалық бақылау саласында талшықты-оптикалық датчиктер жер қыртысындағы деформациялар мен қозғалыстарды дәл бақылауға мүмкіндік береді. Бұл жүйелер жер асты құрылымдарын, қорғаныс қабырғаларын, көпірлерді, туннельдерді және басқа да инженерлік объектілерді бақылау үшін кеңінен қолданылады. Талшықты-оптикалық датчиктер осы объектілерде орын алатын өзгерістерді бақылау және алдын алу үшін өте пайдалы.

Талшықты-оптикалық жүйелер жер асты қозғалыстары мен сейсмикалық толқындарды бақылауда үлкен рөл атқарады. Жер асты қозғалыстарының алдын алу үшін ТОД жер бетінде немесе жер астында орналастырылуы мүмкін. Мұндай жүйелер жиі қолданылатын әдістердің бірі - «distributed acoustic sensing» (DAS), яғни таратылған акустикалық сезгіштер. DAS технологиясы арқылы бүкіл талшықтың бойында механикалық қозғалыстар мен вибрацияларды тіркеуге болады. Бұл жүйелер жер асты қозғалыстарының бағытын, күші мен жылдамдығын өте дәл анықтауға мүмкіндік береді [12].

Талшықты-оптикалық датчиктер табиғи апаттардың алдын алуда да маңызды рөл атқарады. Мысалы, көшкіндер мен су тасқындары кезінде топырақтың және судың қозғалысы өте жоғары дәлдікпен бақыланады. Талшықты-оптикалық жүйелерге орнатылған датчиктер жер бетінің қозғалысын тіркейді, бұл әртүрлі апаттар үшін алдын ала ескерту беру жүйесін құруға мүмкіндік береді. Мұндай жүйелер әсіресе таулы аудандар мен су тасқынына бейім аймақтарда маңызды.

Геотехникалық бақылауда талшықты-оптикалық жүйелер температура мен қысымды бақылауда да қолданылуы мүмкін. Мысалы, жер асты құрылымдарында немесе су қоймаларында температура мен қысымның өзгеруі құрылымдық ақаулар мен қауіпсіздік мәселелерін көрсетеді. Талшықты-оптикалық жүйелер осы параметрлерді үздіксіз және өте дәл бақылауға мүмкіндік береді. Бұндай жүйелер тек құрылымдардың ішіндегі жағдайды ғана емес, сонымен қатар олардың сыртқы әсерлерге қалай жауап беретінін де көрсетеді.

Талшықты-оптикалық жүйелердің ең басты артықшылығы - сигналды үлкен қашықтыққа беру мүмкіндігі. Бұл әсіресе үлкен жерлерде немесе бірқатар құрылымдық объектілерді қадағалау қажет болған жағдайда өте пайдалы [13].

Талшықты-оптикалық датчиктер өте жоғары сезімталдыққа ие, бұл оларды геотехникалық бақылауда маңызды етеді. Олар кез келген физикалық өзгерістерді, мысалы, жер қыртысының қозғалысын, қысым өзгерістерін, температураның көтерілуін дәл тіркейді.

Талшықты-оптикалық жүйелер ұзақ мерзімді пайдалану үшін оңтайлы болып табылады. Олар аз техникалық қызмет көрсетуді қажет етеді, бұл шығындарды азайтуға және жүйелердің үнемді болуына мүмкіндік береді.

Талшықты-оптикалық жүйелер сыртқы әсерлерге, мысалы, электромагниттік өрістерге, суға және температураның өзгеруіне өте төзімді. Бұл оларды ауыр жағдайда қолдануға мүмкіндік береді.

1.5 (а) суретте оптикалық талшық ішінде орын алатын жарық шашырау процесінің сызбасы көрсетілген. Бұл процесс талшық арқылы өтетін жарықтың оның ішкі ортасын құрайтын атомдар мен молекулалармен өзара әсерлесуінің нәтижесінде пайда болады. Талшықтың әрбір бөлігінде жарықтың электр өрісі уақытқа тәуелді электрлік дипольдердің пайда болуына себеп болады, ал бұл өз кезегінде екіншілік жарық толқындарын туындатып, олар талшық бойымен және оның айналасына шашырайды.

Бұл шашыраған жарықтың қуаты бастапқы жарыққа қарағанда әлдеқайда төмен болады, сондықтан ол жарықтың таралуына айтарлықтай әсер етпейді. Алайда шашыраған жарықтың бір бөлігі кері бағытта яғни жарық көзіне қарай таралады - бұл кері шашырау (backscattering) деп аталады және ол талшықтың кез келген нүктесінде бақылануы мүмкін.


Таратылған талшықты-оптикалық сенсорлар осы кері шашырауды тіркеп, оның қарқындылығындағы өзгерістерді және жиіліктегі ығысуын анықтай отырып, талшық бойындағы физикалық параметрлерді мысалы, температура немесе деформация өлшеуге мүмкіндік береді. Мұндай сенсорлар дәстүрлі талшықты сенсорлардан айырмашылығы — олар талшық бойында арнайы құрылғыларды мысалы, Bragg торлары немесе интерферометрлер орнатуды қажет етпейді. Мұнда бүкіл талшық үздіксіз сезімтал орта ретінде қарастырылады және ол бойымен физикалық шамаларды нақты тіркеуге мүмкіндік береді [14, 15].

Раман шашырауы - серпімді емес шашыраудың айқын мысалы. Бұл құбылыс жарықтың молекулалық тербелістермен өзара әрекеттесуі нәтижесінде пайда болады. Ол оптикалық талшықтағы энергия деңгейлерінің өзгеруіне байланысты туындайды және жиілік бойынша айтарлықтай ығысуға ие. Фарахани және Гоголла, зерттеулерінде мысалы, 1550 нм толқын ұзындығында жұмыс істейтін жүйелерде Стокс және анти-Стокс компоненттері арасындағы жиілік айырмашылығы шамамен 90 нм-ге дейін жетеді. Раман шашырауы, әдетте, тікелей деформация (штамм) өлшеу үшін қолданылмайды. Алайда, ол температураны таратылған түрде бақылауға арналған сенсорлық жүйелердің негізі болып табылады. Бұл жерде өлшеу анти-Стокс және Стокс компоненттерінің қарқындылықтарының арасындағы қатынастың температураға тәуелділігіне негізделеді.


Сәйкесінше, Инауди және Глисичтің Раман шашырауына негізделген зерттеуіне сүйенсек таратылған сенсорлар (Distributed Temperature Sensing Systems - DTSS) инфрақұрылымдық құрылымдарды, атап айтқанда құбырларды, туннельдерді, көпірлерді және электр кабельдерін ұзақ мерзімді термиялық мониторингте кеңінен қолданылып келеді. Бұл сенсорлар жоғары температуралық ажыратымдылықпен, сонымен қатар бірнеше километрге дейін жететін өлшеу диапазонымен ерекшеленеді. Мұндай жүйелерде талшықтың өзі ғана сезгіш орта ретінде қызмет етеді, бұл құрылымдық күрделілікті төмендетіп,

жоғары сенімділікке қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Бриллуэн шашырауын пайдаланатын сенсорлық жүйелердің бірі - BOTDA (Brillouin Optical Time Domain Analyzer - Бриллуиндік Оптикалық Уақыт Доменінің Анализаторы). Ли және басқа зерттеушілер 2008 жылы бұл жүйе сезгіш талшықтың екі ұшынан екі бағытта жарық сигналдарын жіберу арқылы талшық бойындағы деформация мен температураны нақты тіркеуге мүмкіндік беретінін көрсеткен болатын. Мұндай жүйелер инженерлік құрылымдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жер сілкіністерінің әсерін зерттеу, жер қозғалыстарын тіркеу сияқты күрделі міндеттерді орындауда жоғары дәлдік пен сенімділік көрсетіп отыр.



1.6-сурет – (a) Оптикалық талшықта болатын серпімді шашыраудың нобайы. (b) толқын ұзындығына (λ) тәуелділігі. Кіріс сәулесі толқын ұзындығы λ_0 болатын лазер болған кезде оптикалық талшықтардағы шашырау процестері.



1.6-сурет – Жетілдірілген кері шашырау талшықтарының шашырау іздері және OBR құралында талданған қайтарым жоғалту көрсеткіштері әрбір талшық бөлімі бойынша. (a) Жоғары кірісті талшықтың талдауы және шашырауды анықтайтын параметрлер; (b) Талшықтың біржақты әлсіреуі бойынша есеп, ол әрбір бөлімдегі әлсіреу біркелкілігін көрсетеді.

1.3 Геотехникалық бақылау жүйелерінде қолданылатын датчиктердің ерекшеліктері

Жалпы алғанда, жер асты геотехникалық мониторингі әдетте жыныс массасының тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында деформация/кернеу, орын ауыстыру, кернеулік күй және сейсмикалық белсенділік сияқты бірнеше параметрлерді тіркеуді қамтиды. Алайда, бұл ғылыми жұмыста деформация мен орын ауыстыруды өлшеуге бағытталған сенсорларға ерекше назар аударылады, себебі жыныс массасының шамадан тыс қозғалысы жер асты қазбаларының орнықтылығына төнетін негізгі қауіптердің бірі болып саналады.


Геотехникалық бақылау аспаптарының түрлері мен орналастырылу сызбалары қазбаның функционалдық мақсатына, жыныс массасының физико-механикалық қасиеттеріне және қолданылатын топырақ бекіту әдістеріне тәуелді. 1.7-суретте жер асты көмір шахталарында жиі қолданылатын жыныс массасының күйін бақылауға арналған негізгі аспаптар көрсетілген.

Конвергенциялық бақылау жүйелері - жер асты қазбасының маңайындағы екі анықтамалық нүкте арасындағы салыстырмалы орын ауыстыруды тіркеуге арналған бақылау құрылғылары. 1.3-суретте кеңінен қолданылатын конвергенциялық индикаторлардың негізгі түрлері көрсетілген. Гхош және Гхош жүргізген зерттеу шеңберінде жаңа қазылған жер асты жолында телескопиялық штангалар көмегімен төбе мен табан арасындағы күнделікті жақындасу қарқыны бір ай бойы бақыланған. Жинақталған бақылау деректерінің кері талдауы негізінде жыныс массасының сапа көрсеткіші (RMR), қазбаның ені және төбе жынысының тығыздығы тәрізді параметрлерге негізделген төбенің шекті жақындасуын болжауға арналған математикалық өрнек ұсынылған.

Конвергенциялық бақылау жүйелерінің басты артықшылығы - оңай орнатылуы. Дегенмен, бұл жүйелер тек беткі қабаттардағы орын ауыстыруды ғана тіркейді, ал жыныс массасының ішкі бөліктеріндегі деформациялар назардан тыс қалуы мүмкін. Сонымен қатар, мұндай құрылғыларды орнату қазба жұмыстарын жүргізу жолдарын шектеп, өндірістік процестерге белгілі бір дәрежеде кедергі келтіруі ықтимал [16].

Жыныс массасына ендірілетін бақылау құрылғылары, мысалы, штангалы, сымды немесе магниттік экстензометрлер, үлкен көлемдегі жыныс массасында әртүрлі тереңдіктерде якорьленген нүктелер арасындағы салыстырмалы орын ауыстыруды дәл өлшеуге мүмкіндік береді. 1.2 -суретте жер асты көмір шахталарында жиі қолданылатын экстензометрлердің екі негізгі түрі бейнеленген.

Мысалы, Австралияның Жаңа Оңтүстік Уэльс штатында орналасқан жер асты көмір шахтасында жүргізілген далалық зерттеулер қабатты құрылымға ие көмір жынысының механикалық қасиеттерін бақылауға бағытталған. Экстензометрлер көмегімен жыныстың терең қабаттарында жүріп жатқан деформация процестері мен орын ауыстырулар дәл тіркеліп, тау жыныстарының тұрақтылық жағдайын кешенді бағалауға мүмкіндік береді.



1.7-сурет – Жер асты көмір шахталарын бақылауға арналған типтік аспаптар. ME Механикалық экстенсометр; SE Sonic зонд; С Конвергенция станциясы; IB аспаптық рок болт; LC Анкерленген жүктеме ұяшығы; S стресс капсуласы

Таратылған талшықты-оптикалық жүйелер арзан телекоммуникациялық деңгейдегі талшықты-оптикалық кабельді сезгіш материал ретінде пайдаланады, ол сезімталдықты анықтау мен деректерді беру қызметін бір уақытта атқарады. Бұл жүйе талшық бойымен көптеген нүктелік өлшемдерді алу үшін тиімді болып табылады, өйткені ол шашыраған жарықтың оптикалық қасиеттеріне негізделген. Раман шашырауы тек температураның өзгеруінен туындайды және ол жарықтың интенсивтілігімен реттеледі. Бриллюэн шашырауын сезу принципі көптеген зерттеулерде қарастырылған. Бриллюэн сезгіштік жүйелері екі негізгі топқа бөлінеді: Бриллюэн оптикалық уақыттық доменді кері шағылысу (BOTDR) және Бриллюэн оптикалық уақыттық доменді талдау (BOTDA). BOTDR жүйесі бір талшықтың бір ұшына импульс жіберіп, сол ұшынан артқа шашыраған жарықты бақылайды. Ал BOTDA жүйесі циклически ұйымдастырылған талшықты қажет етеді, мұнда үздіксіз лазерлік насос жарығы мен импульстік жарықтың өзара әрекеттесуі арқылы үлкен шашырау тиімділігі мен күшейтілген сигнал алынады. BOTDR жүйесі BOTDA-дан артықшылығымен ерекшеленеді, өйткені ол тек бір ұшын қажет етеді. Егер талшықтың бір бөлігінде үзіліс болса да, өлшемдер сол үзіліс нүктесіне дейін алынуы мүмкін. BOTDA үшін болса, талшықтың кез келген жерінде үзіліс барлық жүйенің жұмысын тоқтатады. BOTDR жүйесінің басты кемшілігі — шашыраған Бриллюэн сигналының түскен жарықтан айтарлықтай төмен болуы, бұл сигнал-шум қатынасының төмендеуіне және деректерді жинау уақытын ұзартуға әкеледі [17, 18]. Фотонның табиғи өмір сүру ұзақтығына байланысты, Бриллюэн шашырау жүйесі 1 м кеңістіктік шешімді қамтамасыз етеді. Соңғы жылдары импульс алдын ала насос және талшықтың термиялық серпімділігі сияқты жаңа технологиялар әзірленді, олар термиялық сезімталдықты анықтайды, орталық толқын ұзындығы 1550 нм

болғанда FBG үшін кернеу мен температураға сезімталдық шамамен 1,2 пм/л және 13 пм/°C құрайды. FBG уақыт бойынша немесе толқын ұзындығы бойынша көпарналы жүйеге біріктірілуі мүмкін. Толқын ұзындығы бойынша мультиплексирленген FBG массивінің сезімталдығы лазердің жұмыс толқын ұзындығы диапазонымен шектеледі. Әр арнаның гратистері бір спектрді бөлісуі қажет, сондықтан гратистердің саны мен олардың динамикалық диапазоны арасында теңгерім орнатылуы тиіс.



1.8-сурет – Беткейге орнатылатын ұзын габаритті торлы FBG сенсоры

Уақыттық мультиплексирлеу (TDM) кең жолақты импульстік жарық көзін қолданады және гратистерді оларды детекторға қайтару уақыты бойынша ажыратады. Қайтару уақыттары детектордан арақашықтыққа байланысты болады, бұл талшықтағы орналасу немесе кешіктіру желілері арқылы анықталады. TDM жүйесінің негізгі шектеуі - сенсорлардың арасындағы қашықтықтың кем дегенде 1 м болуы, сонда қайтатын импульстер уақыт бойынша ажыратылады. FBG-ден айырмашылығы, LPG периодты гратистерге ие, олар талшықта тарайтын радиация толқын ұзындығынан айтарлықтай үлкен болады. Физикалық параметрлер, мысалы, кернеу мен температура, жарықтың спектрін талдау арқылы анықталады, бұл FBG үшін жарықтың шағылысқан спектрінен өзгеше [19].

2 Геотехникалық құрылымдардағы деформациялар мен кернеулерді өлшеуде талшықты-оптикалық датчиктерді қолдану

2.1 Геотехникалық нысандардағы кернеу, температура және деформация өлшеу әдістері


Геотекстиль материалдарына оптикалық талшықтарды біріктіру арқылы құрылымдардың күйін бақылау технологиясы қазіргі кезде кеңінен қолданылуда. Мұндай біріктірілген жүйе құрылыс барысында немесе пайдаланылу кезеңінде конструкцияларда туындайтын кернеулер мен деформацияларды анықтауға мүмкіндік береді. Геотекстиль мен сенсорлар бір құрылымда әрекет етіп, құрылымның бүкіл бойындағы өзгерістерді тіркеп, ұзақ мерзімді мониторинг жүргізуге қолайлы жағдай жасайды. Бұл тәсіл нақты уақыт режимінде деректер жинауға мүмкіндік беріп, құрылымдардың сенімділігін арттыруға және техникалық ақаулардың алдын алуға көмектеседі.

Бриллюэн оптикалық уақыт домендік рефлектометриясы (BOFDA) және Рейли шашырауы сияқты технологиялар талшық бойындағы физикалық параметрлерді жоғары дәлдікпен бақылауға мүмкіндік береді. BOFDA әдісі оптикалық талшық арқылы жіберілетін жарықтың шашырау сипаттарын талдау арқылы температура мен деформацияны қашықтықтан өлшейді. Ал Рейли шашырауы өте сезімтал болғандықтан, ол құрылымдағы өте ұсақ өзгерістерді тіркеуге мүмкіндік береді. Бұл әдістер құрылым бойындағы өзгерістерді кеңістіктік тұрғыдан толық сипаттауға мүмкіндік беріп, ақауларды ерте анықтауға жағдай жасайды.

Оптикалық талшықты датчиктер геотехникалық құрылымдардың сенімділігін бағалауда маңызды құрал ретінде танылады. Олар конструкциялардың жылжуын, жарықтардың пайда болуын, шөгуін немесе бұзылуын нақты тіркей алады. Мұндай датчиктер автоматты түрде ұзақ мерзімді деректер жинауға мүмкіндік береді және адам араласуынсыз жұмыс істей алады. Бұл технология құрылымның қауіпсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймай, апат қаупін азайтуға және техникалық қызмет көрсету мерзімін дұрыс жоспарлауға көмектеседі. Әсіресе, сейсмикалық белсенді аймақтарда немесе әлсіз топырақ қабаттарында бұл бақылау әдістерінің маңызы зор [20].

Плотиналар мен дамбалардың жай-күйін бағалау үшін ішкі қысым маңызды параметр болып табылады. Қысым әсерінен диафрагманың ығысуын интерферометр арқылы өлшеуге болады, себебі бұл құрылғының сезімталдығы өте жоғары. EFPI (Эталонды талшықты интерферометр) 1 микрон дәлдікпен ығысуды анықтай алады, сондықтан оның негізінде көптеген қысым датчиктері жасалған. Дегенмен, дәстүрлі конфигурация негізінде EFPI ұзақ мерзімді статикалық өлшеулер үшін қолайлы болмауы мүмкін. Қысымды үздіксіз өлшеу үшін қос-EFPI қысым датчигі жасалды. Бұл құрылғыда серпімді элемент сәл ғана сығылған ауаның әсерінен белгілі бір эталонды қалыпқа дейін деформацияланады. EFPI дәл осы қалыпты тіркеп, өзін-өзі калибрлеу процедурасын іске қосады. Диафрагма ығысуы - бұл эталонды нүкте мен ауа

берілгенге дейінгі бастапқы қалпын салыстыру арқылы анықталады. Польшадағы Белхатов көмір шахтасында соңғы уақытта осындай қос-EFPI датчиктері орнатылып, су мен топырақ қысымын ұзақ мерзімді бақылау жүргізіліп жатыр. Плотиналар мен дамбалар жағдайында бұл жүйе өте тиімді.



2.1-сурет – (BOTDA) Brillouin оптикалық уақыт доменін талдау өлшемдері үшін эксперименттік орнату. (ЭОМ) электрооптикалық модулятор; (PS) поляризация қосқышы; (EDFA) эрбиум қосылған талшықты күшейткіш; (ПД) фотодетектор; (FBG) талшықты Брегг торы; (DAQ) деректерді алу.

Жаңа салынған немесе пайдаланудағы құрылымдардағы ірі бетон қадаларының құрылымдық тұтастығы мен жүк көтергіштік қабілетін бағалау үшін талшықты-оптикалық сенсорлар жиі қолданылады. Бұл сенсорлар, әдетте, қаданың қолжетімді бөліктеріне, мысалы, қада басына орнатылады. Қадаға механикалық соққы берілгенде, пайда болған толқындар құрылым бойымен таралады, ал сенсорлар осы толқындарды қабылдап, бетон ішіндегі акустикалық эмиссия (АЕ) сигналдарын тіркейді. АЕ сигналдарын талдау арқылы қаданың ішкі күйі, ақаулардың болуы және жүктеме астындағы құрылымның мінез-құлқы туралы маңызды ақпарат алуға болады [21].


Толқындардың таралуы бірөлшемді модельдер арқылы қарастырылады, бұл әдіс қаданың жүк көтергіштігін және оның жалпы техникалық жағдайын жанама түрде бағалауға мүмкіндік береді. Алайда, дәстүрлі әдістермен қада басынан ғана алынатын деректер кей жағдайларда жеткіліксіз болуы мүмкін. Осы себепті зертханалық жағдайда сенсорлармен жабдықталған арнайы құрастырмалы қадалар жасалып, бетондағы ақаулар мен соққы толқындарының ұзындығына сезімталдық зерттеледі.

Тәжірибе нәтижелері Fabry-Perot типті оптикалық сенсорлардың сенсорлық корпусының ішкі бетіне орнатылуы олардың тиімділігін арттыратынын көрсетті. Бұл тәсіл бетон конструкциясындағы жергілікті ақауларды ерте кезеңде анықтауға және қаданың жұмыс істеу қабілетін нақты бағалауға мүмкіндік береді.


Құрастырылған үлгілі қадалар датчиктермен жабдықталған және сынақ кезінде жоғары соққы энергиясына ұшырайтын әзірленген бетон ендірілген датчиктердің сәйкестігін дәлелдеу үшін зертханада сыналған. Арнайы сенсорлық корпус әзірленді, оған әртүрлі сезгіш элементтер бекітіледі. Талшықты-оптикалық акустикалық эмиссия сенсорлары арнайы құралдың көмегімен сенсор корпусының ішкі бетіне бекітіледі. Салыстыру мақсатында акселерометр сенсорлары сенсор корпусының ішіне орнатылған; қарсылық тензометрлер (RSG) корпусының сыртқы бетіне бекітіледі. Бұл екі шағын масштабты қадалар динамикалық төмен деформациялық сынақтар, жоғары деформация және статикалық жүктеме сынақтары арқылы зерттелді. Біріктірілген сенсорлардың барлық сигналдық жауаптары жазылды және аспаптардың жалпы әдістерінен алынған сигналдармен салыстырылды [22].

